ЖШС «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының өндірістік кеңес

№3 хаттамасы

18.03.2026 Қатысқандар: 13

Тақырыбы: «Көктемгі тазалық және қоршаған ортаны жақсарту жұмыстары»

Күн тәртібі:

1.Балалармен экологиялық тәрбие жұмыстары.
2.Аула мен ғимарат аумағын көгалдандыру.
3.Сенбілік, қоқысты жинау және қайта өңдеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Тыңдалды.

Балабақша меңгерушісі А.Е.Ембергенова сөз сөйледі. Балабақша аумағы балалардың қауіпсіздігі мен эстетикалық көрінісі үшін таза және ұқыпты болуы керек. Көктемгі тазалық жұмыстарын сапалы түрде ұйымдастыру керектігін айтты.

Екінші мәселе. Балабақша тәрбиешісі Берікқызы Зинат сөз алды. Балаларға экологиялық тәрбие беру үшін арнайы іс-шаралар ұйымдастыруды ұсынамын. Оларға қоқысты сұрыптау, ағаш отырғызу сияқты шағын шараларға қатысуға мүмкіндік берейік.

Шаруашылық меңгерушісі өз сөзінде, сенбілік ұйымдастырылып, ауладағы кейбір ағаштарды кесіп, олардың орнына жаңа көшеттер отырғызу қажеттігін, сонымен қатар, қоқыс жәшіктерін жаңарту керектігін атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді:

1.Көктемгі тазалық жұмыстарының жоспары жасалып, жауапты қызметкерлер тағайындалсын.
2. Балаларға экологиялық іс-шаралар ұйымдастырылсын.
3.Сенбілік уақыты белгіленіп, қоқыс жәшіктері жаңартылып, ағаш көшеттері отырғызылсын.

Кеңес төрайымы_____ А.Е.Ембергенова

Хатшы : _____Берікқызы З.

ЖШС «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының өндірістік кеңес

№2 хаттамасы

12.01.2026 ж. Қатысқандар: 10

Тақырыбы: «Тамақтану сапасын бақылау және асхананың санитарлық жағдайы»

Күн тәртібі:

1. Балалардың тамақтану рационын талдау.
2. Асханадағы санитарлық жағдайды тексеру.
3. Азық-түлік сақтау талаптарын сақтау.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі А.Е.Ембергенова сөз сөйледі. Балалардың дұрыс тамақтануы – олардың денсаулығы мен дамуының кепілі. Сондықтан асхананың санитарлық жағдайы мен азық-түлік сапасы басты назарда болуы жөнінде айтты.

Екінші мәселе. Балабақша медбикесі Бектібаева Жансая сөз сөйледі. Асхананың санитарлық жағдайын тексеру барысында барлық нормалардың орындалғанын, бірақ азық-түлік сақтау бөлмелерінің температура режимін бақылау қажеттігін түсіндірді. Ол тағамдардың сапасын сақтауда маңызды рөл атқаратынын айтты.

Балабақша шаруашылық меңгерушісі сөз алды. Асхана жабдықтарының барлығы жұмыс істеп тұр, бірақ тоңазытқыш құрылғысының бір бөлігін жөндеу қажет.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді:

1. Азық-түліктерді сақтау бөлмелерінде температура режимін тұрақты бақылау үшін құрылғы орнатылсын.
2. Жеткізушілермен келісімшарттар қайта қаралып, мерзімдер нақты белгіленсін.
3. Асхана жабдықтары уақытында жөнделсін.

Кеңес төрайымы _____ А.Е.Ембергенова

Хатшы : _____ Берікқызы З.